

Сайлау Көшкенұлы

# ДЕГЕН ЕКЕҢ



Көкшетау-2006.

## **АННОТАЦИЯ**

Астарлы әжуа, зілді қекесін, өмірдің жагымсыз күбылыстарын нақпа-нақ сынға алу, көкшелік каламгер Сайлау Көшкенұлының кезекті кітабында өз көрінісін табады. **Жинақ оқуға женіл, тілі жинақы.**

**ISBN 5-7667-3803-X**

## **ҚОЛЫҢ ЕДІ ҚОЙ БАҒУ**

Жақан ағайдың, кәдімгі жерлес ақын Жақан Сыздықовтың «Көк базарға барғанда» атты әзіл өлеңін көпшілік қауым естіген, билетін шығар деп ойлаймын. Ол жылдары өзім КазМУ-де сырттан оқитынмын. Эрі сессия сайын Жақан ағайдікінде жататынмын. Ақын-жазушылардың біразы және сол Интернационал көспесіндегі 129-шы үйде тұратын. Солардың бірі-Сыrbай ағаны да сыртына қөрген болатынмын. Осы өлеңінде Жақан ағай Сыrbай Мәуленов жөнінде былай деп қағытқан еді.

Құдай сені әуре ғып,  
Ақын етті Мәуленов.  
Қолың еді қой бағу,  
Басыңа киіп дәу бөрік...

## **«АНАЛАР КҮНІН КӨРЕР-АУ, БАСҚАСЫ ҚАЙТПЕК?»**

Алқалы той өтіп жатады. Өңшең ығай-сығай ақын-жазушылар жиналған бұл той өлеңсіз өткен бе? Анау да, мынау да ортаға шығып, екі қолың кезек-кезек ербендетіп, екіленіп, шашы барлары қайта-қайта шашын артыша қайырып, шашы жоктары қасқа басын бір сипап қойып, ал кеп өлең оқымай ма?

Кезек Сәкен сері, Сәкен Жұнісовке де жетеді. Былайғы жұрт Сәкенді қара сөздің хас шебері ретіндеғана білсе де, оның өлең оқығанын естімеген де, көрмеген. Не керек, Сәкен ағамыз жиналған көпшіліктің алдында бұл жолы «акын» ретінде де бір қырынан

танылады. Сонда Сәкеннің бұл «өнеріне» шын риза болған інісі Иранбек ақын, Иранбек Оразбаев:

—Сәкен аға, анау Отежандар (Нұргалиев),  
Тұманбайлар (Молдағалиев), Қадырлар (Әли-Мырза)  
акын болып күндерін көрер-ау, ал Сіз байлайынша өлең  
жазып, тамам халықтың алдында осылайша өлеңізді  
оқығанда басқалар қайтпек? —деген екен.

## **БЫЛҚЫЛДАТЫП, СЫЛҚЫЛДАТЫП**

Қазақта «отыз күн ойын, қырық күн тойың» деген соз бар емсс пе. Солай демекші, тағы бір дүрмекті тойда ішіп-жем мол болады. Әркім кезек-кезек тост айтып, әбден ығырғып қызады. Әлден уақытта кезектің реті Сәкен сері, Сәкен ағамызға да келеді. Сейлеуге ерініп, әбден қажып отырғап сері оның үстіне ұзақ тостардан жұрттың мезі болғанын сезіп:

—Ал ағайын, ең әуелі былқылдатып қағып жіберейік, содан кейін сылқылдатып алып жіберейік, — деп қайтадан орнына қонжия кетіпті.

## **«КӨЗІЛДІРІГІМ ҚАЛЫП ҚОЙЫПТЫ»**

**Кезінде облыстық «Кокшетау правдасында», сонынан республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің осы облыстағы меншікті тілшісі болып қызмет істеген Байекен, Баян Таласұлы Нұрпейісовтың аңғал да аңқау мінезі жайлы әріптестері езу тартарлық күлдіргі әңгімелерді көп айтатын. Солардың бірерін**

**пазарларыңызға үсіншіп отырмыз.**

Бірде Байекен редакция тапсырмасымен шалғайдағы Куйбышев (қазіргі F. Мұсірепов атындағы) ауданына жолсапарға шығады. Күзгі уақыт. Орақтың нағыз қызған шағы. Жиым-терім кезі. Астында әлеңкедей жаланған су жана «Волга» автомашинасы. Жүргізуші—Михаил есімді орыс жігіті. Екеуі күнұзакқа түрлі шаруашылықтардағы егінжай алқаптарын аралап, мұндағы комбайншылармен, қырман жұмысшылармен, басшылармен әңгіме-сұхбат құрып, қажетті-ау деген материалдарын жиыстырып альп, кері кайтаалы.

Аудан орталығы—Пескіден асып, Рузаевкаға жете берген тұста жол соғып, әбден шаршап машинаның артқы орындығында қалғып-шулғып отырған Байекен жүргізушіге кенеттен:

—Ойбай, Михаил тоқта, менің соңғы барған дала қосында көзілдірігім қалып қойыпты. —Қайта оралмасақ болмас, —дейді дегбірсізденіп. Сонда Михаил бұған бір, езіне бір қарал:

—Байеке, сасқаныңыз не, көзілдірігініз көзіңізде түр ғой,—депті күлімсіреп. Сөйтсе, шынында да Байекенің очкіі өз көзінде түр екен.

## **ҚАЙРАН, ШІРКІН ҚАЛПАҚ!..**

Тағы бірде Байекенің Айыртау ауданындағы «Лавров» совхозына жолы тұседі. «Жұмысшы» ауылынан шыққан Социалистік Енбек Ері Тұрлыбек Әбілпейісовпен әдейі барып жолығысады. Дала қосында

отырып, екеуі біраз әңгіме-дүкен құрады. Табақтап ет жемесе де, сорпа ішкендей оны-мұны тамакқа әбден (котлет, гуляш, т.б.) тояттайды. Ат арытып, алыстан қонақ келгесін, жұз грамм да табылады. Күн кешкірген шақта бұлар Қокшетауға қайтпақшы болады. Содан не керек, ана-мынаны айтып отырып, Байекен сол жолғы сапарында басындағы қалпағын дала қосында ұмыт қалдырады.

Келер жылғы көктемде бұлар Тұрлыбектің дала қосында тағы кездеседі. Бар шаруасын бітіріп болған соң, Байекен:

—Тәке, ұятта болса айтайын, бұлтыр аланғасарланып, басындағы шляпамды осында қалдырып кетіппін. —Көзіңізге түспеді ме? —дійді. Тұрлыбек бір мырс етіп:

—Бәке, қалпағыңыз ана шкафтың үстінде тұр. — Жолай қалага соғып жүргенде, апарып беруге үалдық. Өйткені күзден осында қалғасын ана жерін бір, мына жерін бір тышқан кеміріп, жеп қойыпты. Ренжімесеніз жаңасын сатып әсерейік, —депті.

Қалпақты қолына алып, өзінікі екенін білсе де, Байекен оны жерге бір ұрып, қолын сілтеп, жүре беріпті.

## ҰМЫТШАҚТЫҚ-АЙ!..

Жазғы уақыт. Әдеттегідей демалыс болған соң Байекен «күнүзакқа не бітірем?» деп естиярлау немересін ертіп қалалық моншага барады.

Асылқпай-саспай өзі де жуынады, немересін де жуындырады. Содан кенеттен түскілікке әлдебір жолдасының өзін қонаққа шақырып қойғандығы есіне түсіп, тез жуынды, шайынады да, сырт киімін кие сала

үйіне келеді. Женгеміз аң-таң.

—Әй, касындағы бала қайда, немерен қайда? — дейді өнді бұзылып. Асығып жүріп, немересін моншада ұмыт қалдырганын сезген Байекен:

—Қап! —деп сыртқа қайта атып шығыпты.

## «ӨЙБУ, ҚОЙЫП ҚОЙЫППЫН ҒОЙ!..»

Кезекті «ұшқалаң жиын» Байекеннің кабинетінде отіп жатқан. Алдындағы қобдыраған қағаздан түк көрінбейді. Жауапты хатшы газеттің алдағы нөмірінің жәй-жапсарының айта бастаған мезгілде кенет телефон шар сте қалды.

Әлдеңе демекші болып, аузын аша берген Байекен жалма-жан трубканы қолына алды:

—Әло, әлеу,—деді абдырап. Арғы жақтан біреу дік-дік етіп тұр. Тегі обкомнан әлдебіреудің телефон шалғанының ішіміз сезіп отыр.

—Қа-қазір, қазір іздестіріп көрейік... Сөйтті де ол трубканы орнына қоя салып, алдындағы үйіліп жатқан қағаздарды әрлі-берлі қопарыстырып, керек дүниесін іздестіре бастады. Әлден уақытта талты білем, қуаныш кетіп:

—Е, міне ғой, әләу, —деп қолын соза берді де:

—Өйбу, трубканы қойып қойған екенмін ғой, —деп сылқ етіп отыра кетті.

## ТАҚЫРЫП ҚОЮДЫҢ ӘЛЕГІ

Қай журналист болсын материалын жазбастан бұрын әуелі тақырып тандайды ғой. Ауыл шаруашылығы бөліміне басшылық жасаған соң ба, Байекен бірінен кейін бірі қабаттасып келіп жататын маусымдық жұмыстарға байланысты «Ұштастырыла жүргізілуде» тақырыбын жиі қоятын. Әр бөлімнен түскен запастың бір бөлігін мұртын басып қарап отыратын. Байекен сол тақырыпты қайта-қайта коюдан танбады. Содан бірде жазған заметкама «Ұштастырыла жүргізілуде» деп баттитып тұрып тақырып қойдым да, секретариатқа тапсырдым. Ойымда дәнене жок, кабинетімде отырғанмын. Кенет хатшы келіншек есікті ашты да:

—Байекен шақырады, тез кіріп кетсін дейді, —деді. Бардым. Көзілдірігін қисайта-мисайта, алдындағы қағаздардың біріне шұқшиып қарап отыр екен.

—Ә, келдін бе? —деп орнынан қозгалактап барып:

—Осы сендер тақырып қоюға неге шорқақсындар.

—Мынауың не?—деді өзіме шұқшия қарап. «Ұштастыра жүргізілуде» деген тақырыптан әбден жауыр болдық қой.

—Қайдам,—дедім басымды сипап, қай тақырыпты қойсам да ылғи сол «Ұштастырыла жүргізілумен» өзгертең де жатасыз. Соңсона дей бергенімде:

—Әй, ол тақырыпты қойсам мына мен қоямын, сендерге не жорық? —демесі бар ма?!

## **«ТАУДЫҢ БҰЛАҒЫНАН»**

ЮНЕСКО көлемінде тұғанына 100 жыл толуы атап өтіліп жатқан атақты суретші Әбілхан Қастеевтің есімін кім білмейді. Алты жасында тұған экесінен айрылып, байға жалданып, қой бағып ет тірлігінің арқасында өсіп жетілген ол сонау 1929 жылы Алматыға барып, тұнғыш рет «Әліппенің» бетін ашады. Кейіннен сондағы Н.Хлудовтың сурет-студия мектебінде екі жыл тәлім-тәрбие алады. Ал 1937 жылы КСРО суретшілер одағының мүшелігіне қабылданып, Қазақстаның еңбекі сінген қайраткері, 40 жасында Халық суретшісі атағына ие болады. Ердің жасы—елуінде Қазақстан Суретшілер одағын басқарып, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанады. Сөйтіп кешегі күнгі «жалшы баланын» есімі бүкіл әлемге танылады.

Сол уақытта оған әлдекім «Сурет салуды қайдан үйрәндініз» деп сұрақ қойғанда:

—«Таудың бұлағынаң, қойдың құлагынаң, апамның киізінен, ешкінің мүйізінен» деп жауап берген екен.

## **ҰТЫМДЫ ЖАУАП**

Тағы бірде тырнақ астынан кір іздеген әлде бір сынышсымақ атақты суретшіні мұқатпақ бол:

—Қастеевтің альш-жұлып бара жатқан дәненесі жоқ. —Оның салған суреттері көбіне-көп ошақ басынан аспайды,—деп бөсіпті. Мұны естіген Әбілхан ағамыз:

—«Ошақ басынан басталмаған өнерде жылдылық болмайды», —десе керек.

## **«ВЗЯТКАНЫҢ» ТҮРІ**

Сонау 1966 жылдың күзінде КазГУ-дің журналистика факультетіне сырттай окуға түсіп, облыстық «Көкшетау правдасы» газетінің редакциясына жарты ставкамен қызметкес орналасқанмын. Бозбала шағымыз. Пәтер үйде жалдан тұрамыз. Уакытпен санасу деген жоқ. Келсін келмесін шатпақтап жазамыз да жатамыз. Ара-арасында кезекшілік міндетін де атқарамыз. Алда-жалда корректор, не подчітчица ауырып-сырқай қалса, солардың орнына да жегілстін біз. Командировканы былай қойып, анда-мында шабармандыққа да жассының біз сияқтыларды жүмсайды.

Не сайтаны барын кім білсін, әйтеуір аптасына екі күн демалыс болғасын, ауыл жаққа, ел жаққа аңсарым ауады да тұрады. Шешейдің малта салып, езіп берген құрт көжесін сағынғандықтан ба, әлде әлі күнге бойдақ болған соң кір-конымың жудыртып қайтайын дегендіктен бе. оны-мұныны сылтауғын жауапты хатшы марқұм Тұрсынбай Қекімовтен жұма күні, тұс ауа жұмыстан сұрана бастаймын ғой. Ол кісіні мұқатқаным емес, тілі кекештеу еді. Оның үстінен «ақаңды» да жақсы көретін.

-- Е, е, жа-жарайды, бастықтарға білдіртпей әлдеңендей жерге жұмсал жібердім дермін. --Тек се-сен, бір шүйтешке «Портвейнді» мына қағазға ора да, түмбочкама са-салып кет, дейтін жарыктық.

Осы күні ойлаймын, ел боп, жүргізіп жатқан қазіргі «взятка» дегенің, пара алудың со кезден-ақ басталған екен-ау деп.

## КҮПІНУДІҚ СЫРЫ

Қазір не көп, ақын көп. Анау да, мынау да әрбір тойда шатпақтағ өлең оқып жатады. Онысы аздай кейінгі кезде «кітап шығарғыштар» да көбейіп кетті. Солардың ішінде тұма таланттылары да, талантсыздары да бар. Жастау кезімде мен де өлең жазғам. Сегізінші класта оқып жүргенімде туған ағайым Әбу 25 жасында кездейсоқ дүние салды. Мына төмендегі шумактар содан қалған тәбәрік.

«Екі ауыз қалам алыш, сөз жазайын,  
Атыңナン Әбу деген айналайын.  
Сүм ажал жан бауырымды алыш кетті.  
Апрай, құдайым-ай, негылайын.

Қыршының жас Әбу кетті сапар шегін,  
Жастығын жалындаған арман етіп.  
Жылама аға-апа, бауырларым  
Ажалға тоқтау бар ма, амал нешік?!

Ақылы маган айтқан көкейімде,  
Күлімдеп үй-ішінде жүргені де.  
Өлсе де жан бауырым ажал жетіп,  
Бейнесі мәңгі менің жүрегімде!..»

Осы өлеңімді кейінректеу эке-шешеме дауыстап оқып бергенімде, екеуі де риза болып:

-- Ой, сенің бойында да ақындық бар білем. – Талабың таудай болсын! –дескен. Бәлкім содан шығар, кей-кейде мен де «акынмын» деп, өзімше күпініп қоямын.

## «КОНЧАЙ, БӘЛЕНШЕКЕЕВ»

Жас кезінде кімді кім елеген. Жастау кезімізде Ерғали Досбаев марқұм, кешегі Кемел Жетпісов, Мәули Әлімов, Бауыржан Бектасов, Нұркен Нарғожин, бәріміз бірге жұмыс істедік.

Солардың ішінде Нұркен марқұмның, кара жер хабар бермесін, жаратылысы, адамгершілік қасиеті мүлдем бөлек еді! Редакцияға өзгемізден кеңтеу келсе де, жазу жағынан ешкімге дес бармейтін. Мамандығы – мұғалім бола тұра, газет жанрының қай-қайсысына да жасқанбастан қалам тартатын. Әсіреле, жоғарыда айтқанымыздай, адамгершілік ізгі қасиет, мораль тақырыбына, ара-тұра сын-сықақ жағына көбірек көңіл бөлетін.

Бірак партияның тәрбисінде жетілген, карамағындағы қызметкерге қиғаштау қарайтын, озі қаражаяулау бөлім бастықтары аз болды ма, о кезде. Сондай-мұндаилардың бірі Нұркеннің әр жазғанына шұқшия қарап, ретті жерінде де, ретсіз жерінде де сызғылап, әр материалын щұнтитып қысқартып, озінше пәлсап соғып, ақыл айтуын қоймаган гой. Әйтеуір оғып, бұғып, азына да, көбіне де шыдалп, әбден зәрезап болған Нұркен марқұм бірде әбден шыдамай кетіп:

–Әй, қарағым, ақылыңды басына езіп жақ, конца да концов кончай, Бәленшекеев! –деп әрлі-берлі сызғылаған материалын, бастығының қолына лақтырып жіберіпті де, есікті тарс жауып сыртқа шыға жөнеліпті.

Содан не керек, о кезде партия қайда болса... деген жалған ұран бар. Нұркен байғұстың тәртібі партбюро мәжілісінде, партия жиналышында қаралып, әлгіндей «теріс мінезі» жерком отырысында да талқыға

түсті. Ақыры редколлегияның шешімімен Нұркен Жұмыстан босатылатын болды...

Әйткенмен қазіргі күнде күпініп креслода отырып, кеуде керіп, оздері тіпті айлап, жылдап қалам тартпай, өзгелерге көзге шұқып, ақыл айтқыш бастықсымақтарды көргенімде бар ғой соларға да озімің: «Кончай, Бәленшекеев!» дегім келеді де тұрады.

### **«ҚЫЛДАЙ БӨЛІП ШТІК»**

Аптасына бес рет шығатын газеттің әр нөміріне корректорды, оның көмекшісін (подчигчица) есептемегендегі, бұрыныракта кезекші редактор, оған қоса «свежий глаз» –қырағы көз тағайындалатын. Сондай кезек мұндағы Ш-ға де жетеді. Бірақ кезекшілікке ол ішіп келіп, сол күнгі газет номірінде саяси кате кетеді.

Ертеңінде обкомнан телефон шалынып, үлкен айғай-шу басталады. Ол уақытта обкомның идеология бөліміндегілер аудандық, облыстық газеттердің әр нөмірін үтір, нұктесіне дейін оқып қатты қадағалап отыратын. Содан не керек, редакторымыз жауапты хатшыны, жауапты хатшы кезекшілерді қысады. Әбден ушығып, іс насыраға шауып бара жатқан соң мұндағылар кешегі кезекшілікке Ш-ның ішіп келгендейді, содан газетте кате кеткендігін мәлімдейді.

Ақыр соңында барып Ш-ның тәртібі редакциялық алқада, одан кәсіподак комитетінде қаралады. Оның бұған дейін де бірнеше рет кате жібергендігі ескертіледі. Тіпті «жұмыстан шығаруға!» деген қаулы қабылданады. Жұмыстан шығу оңай ма, жаны мұрнының үшінша тіреліп, әбден сасып не істерін білмеген Ш. сонда

жиналған көпшіліктің, әріптестерінің алдында тұрыш:

—Күдай ақына, өз кінэмді мойындаймын, соңғы рет кешірімділік етініздер. —Кеңше шынымды айтсам, осындағы Ф-мен кезекшілікке келмestен бұрын бір жартыны қылдай бөліп ішіп едік, — депті. «Сөз тапқанға қолқа жоқ, бұған дауа болмас», —деп отыргандар ду күлісіпті.

## «ПЯТЬ И ДЕСЯТЬ» ЖЕТЕДІ

Осы газеттің суретшісі-ретушері болып секретариатта ұзак жылдар еңбек еткен Дулат Салихановтың аңғал да аңқау мінезі әлі күнге сәсімізде.

Қыскы омыртқаның шағы. Сондай кеңшілік заманың бірінде түнгі отырыстан қалжырап, басы әңкітәнкі боп жұмысқа келген Дулат фототілші А. Диданың кабинетінің есігін қағып:

—Эй, Анатолий Петрович, «дай мне пожалуйста пятнадцать копеек», —дейді. Анау созге келмestен әмиянын ашып, қолына бір уыс күміс ақшаны алыш, аударыстырып-төңкерістіріп:

—Дулат Терлиқбаевич, к сожалению как сам видишь, есть пятерка и десятка, а пятнадцати копеек нету, —дейді жайbaraқат. Сонда Дулат марқұм:

—Түң, ты как маленький, мне не обязательно пятнадцать копеек, а пять и десять хватит, —депті сыралық ақшаның табылғанына қуанып.

## ЖАЛҒЫЗДЫҚТАН САҚТАСЫН

Жаңада үйленген кезім. Бірде іргедегі Игіліктегі нағашылар қонаққа шақырды. Ертеде қайтыс болған

туған шешемиң төркіні–сол жак. Әдейі сыйласп шақырган соң, бару керек. Содан ал кеп машина іздейін. Мұны редакцияда бірге істейтін Жомарт Оспановқа айтып көріп едім, обалы нешік, көңс кетті. Ол кезде бензин дегенін арзан. Литрі– ескі акциамен 15-ақ сом. Тек машинаң қат. Оның үстіне Жөкен, Жомарт ағамызы– білдей бір бөлім менгерушісі, мен болсам қатардағы әдеби қызметкермін. Ертеңіне сенбі демалыс болғасын барап жерімізге жүріп кеттік. Айналасы 50 шақырым қашықтықтағы ауылға әп-сәтте жеттік. Алдымен нағашы апайым Тайбанікіне түстік. Жалғыз ұлы– Қадырбек «жиен ағай келді» деп қуанғаны ма, кім білсін, жымың–жымың стіп, жүтіріп жур. Ол уақытта бойдақ. Көршілердің бірін шақырып, бата жасатып, қой сойғызды. Әлден мезгілде үстелге жайғастық. Мәуен шай құйып отыр. Мұның алдында хабар жетіп үлгерген бе, Есхан, Өтежан, Мұсылманбек, Мұнташ нағашылар да жұбайларын ертіп келген. Шәйдің соңынан етке отырдық.

Не керек, ертеңінде бізді нақ құдаларды күткендей кешегі нағашы ағайлардікінің бәрі дәм дайындалап, кезекпен шақыра бастады. Мұндайды күтпеген басымыз, асқа да, ықыласқа да әбден тойдық. Қайтар мезгіл болған соң үйде қалған келіннің (Марина женгемізді айтады) сыбағасы деп, нағашы апам қобдитып, машинасына әлденендей түйіншекті салып жатқанын көзім шалыш қалды.

Артынан Жомарт марқұм оңаша бір отырғанда:

–Әй, Сайлау қарағым-ай, түгім жоқ, жасымнан жетім болып өстім, қолдаушым да, қорғаушым да жоқ деп жылаушы едің. Кешегі нағашыларың өзімізді қандай құрметтеп, сыйлады, нақ райкомның, не обкомның

хатшысынан кем күткен жоқ, –дегені бар еді. Қазір ойлап отырсам, Қадырбек екеумізден басқасының (келіндерді айтпаганда) бәрі бұ дүниеден өтіп кетіпті. Құдайым-ай деймін іштей, құдайым тегінде жалғыздықтан сақтасын.

## ҚОЛЫМДА БОЛМАСА ДА...

Мәтен ағайдың, Мәтен Өтештегі Бижановтың былтырғана жарық көрген «Ақбұлақ» және «Көкжелке» қос кітабының «Тұсаукесері» өтіп жатқан. Партоараттық жүйеден қалған сценарий бойынша мінберге анау да, мынау да шығып, Мәкенді «проза мен поэзияның тәң менгерген» деп Сәбең мен Мұқана тәңемесе де (Сәбит Мұқанов пен Мұхтар Әуезов) әйтеуір көпшіл қойып, біреулері иығына шапан жауып, енді біреулері конверттерін ұсынып дегендей өзді өзінше сый-сияптарын жасауда.

Әрі-беріден соң басқалардай ресми түрде сөз берілмесе дс, қара шаңырақ—«Көкшетау» газетінің өкілі әрі жиынға қатысып отырған көлтің бірі ретінде мен де ортага шығып ұстазым, әрі әріптес ағам санайтын Мәкенді қаржының тапшылығынан ұзак жылдар қобдишаның түбінде сарғайып жатқан қос кітабының жарыққа шығуымен құттықтап, деніне саулық, өзіне творчестволық табыс тілеп, таяудағана жанашыр ағайындардың қолдау-демеушілігімен басладан жарық көрген «Бірқақпайлар» атты жинағымды ұсынып жатып, былай деген екенмін:

«Қолымда болмаса да билік деген,  
Қалтамда артық ауыз тыын-тебен.  
Әкшенді басқан Сіздің іні ретінде,

Тойында кітапшамды сыйға берем».

## ӘНШІ МЕ ЕДІ?..

—Сәскелік тамақтарынды ертерек ішіндер. Сол үзілісті пайдаланып, орталықтан келетін артистердің өнерін тамашалайтын боламыз, —деді фермер Қанатов десте бастырып жүрген комбайншыларға.

—Ол қандай артистер екен, —деді Ерден есімді жаңада үйленген жастау механизатор әлгілердің кім скендігіш білуге ынтығып.

—Мәдени-үгіт бригадасының мүшелері корінеді. Айтпақшы Ерден, сол артистердің арасында сіздің үйдегі келін бала да бар. Әнді сызылтып-ақ салады екен.

—Ей, ей, оның сондай да өнері бар ме екен өзі! Әнші ме еді? — депті Ерден сасқалактал.

## ШІМІРІКПЕУІН ШІРКІННІҢ

—Әй, күйеу бала, —деді қайын енесі, —әгерки сен кешсігідей қып-қызыл мас болып келіш, үйде күнде әңгір таяқ ойшата беретін болсан, мен қызыымды қолынан жетектеймін де ауылға тайып тұрамын. Ішіме сыйған бала сыртыма да сыйтындығын түсін шырагым, —деді қоркытпақ ниетпен.

—Ойбай шеше, егер сіз осы айтқаныңыздан қайтпай дәл солай істейтүғын болсаныз, қызыныңдан аман-сау күнінде құтылғаным тағы бір жарты ішер едім, —деді күйеу баласы шімірікпестен.

## САСПАДЫ

Таныс біреудікінде қонақта отырған Тақау «тентек суға» сұлқия тойыңы, әбден қызып алғанинан кейін:

—Шүкіршілік, қазір тоқшылық заман гой, ешкім-ешкімнен кем емес, жуыр манда өзіміз деген сыйлы адамдарды біз де омыртқаға шақырмакшымыз. Соның ішінде сен де барсың Шәке, —деп қасындағы Шабденді бүйірінен бір түртіп қойды маңғазданып.

Арада біраз күндер отті. Ойда-жоқта Тақаңмен кездескен Шабден амандық-саулықтан сон:

—Әй, құрдас, омыртқаға шақырамыз деген әнеуқүнгі уәден қайда, әлде ұмыттың ба? Сонда анау:

—Е, қызулықпен адам не істемейді, не демейді, —депті саспастан.

## СОНЯ.. САҚЫПЖАМАЛ

—Әй, —деді әйелі таңертеңгісін төсегінен тұрып жатқан қүйеуіне одырая қарап, —сен осы курорттан келгелі ұйықтап жатқанда «Соня, Соня» деп сөйлене бересің. Соняң кім тағы?

—Түң, соны да түсінбейтін бала болыш кеткенің бе сен, Соня дегенім мына тап өзің, Сақыпжамал емессің бе? —деді қүйеуі оны алдаусыратып.

## БОС СӨЗ

—Мына жазған түсініктемене түк түсінсем бүйірмасын. —Ішінде «бос сөз» көп, —депті бірі

екіншісіне.

—Кандай?

—Мәселенки, «Малдекен облыс, аудан орталығынан лауазымды адамдар келсе, отардағы семіз койдың любойын әкеліп сөяды да, артынан өздері көзқысты, бармақ ұстады деп келісіп списать» етеді немесе «Малдекең барып тұргаш жүлік, жүліктігіне не берерсің, тіпті ол жеке менишік «Москвичін» де аяп мінбейді, мінсе де оған деген бензинді жанаармай таситын туған бажасы Қәуіктен құйлыртын алады. Осы сияқты жанға тиетін «бос сөздерді» боркеміктей езіп шимайлаған сені әлі күнгө замдиректорлық қызметте үстал жүргеніме тацмын.

— Сондай, сондай «бос сөздердің» көптігіне көзіңіз жетсе де оған дұдамал болып отырған сіздің директорлық қызметте қайта қалғаныңызға мен де тацмын,—депті мынау.

## ТАПҚЫРЛЫҚ

Көшеде келе жатқан ауыл ақсақалы әлдебір үй алдында ойнал жүрген екі-үш баланы тоқтатып:

—Әй, қай баласындар? —Сен, сен берірек кел,—депті ол әлгілердің ішіндегі ересектеуіне, мен сияқты улкендерді көргенде неге сәлем бермейсің? Фамилияң кім өзі?

Тосын сұрактан тосыльпі қалған бала:

—Фамилиям ба, фамилиям Арғынбаев, —депті жерге қарап.

—Е, —депті ақсақал, өзіміздің Арғынбайдың немересі екенсің ғой.

—Ал сениң фамилияң кім, —депті екіншісіне тағы

шүкішишты.

—Менің бе, менің фамилиям Уақапов!

—Ә, сендер өзі бір атанаң ұрпактары екенсіндер ғой. —Уақап әлгі Арғынбайдың жүтірмегі емес пе. Ал сенің фамилияң кім балақай?

Жедегабыл туып, тетелес өскен ағайынды үш баланың кенжелеуі атасын да, әкесін де ана екеуі еншілсеп алған соң, мұдірместен:

—Сақыпов, —депті тақ-түқ етіп.

—Сақыбың кім, шырағым?

—Сақып шешемнің аты.

—Ә, жарады. Келішнің атында да бала бар екен, бопты онда, —деп қолындағы аса таяғын тықылдатып қария әрі асынты.

## САХАРЫҢ - ҚАНТ

Былтыр ғана бірінші орыс класына барған Аскарга елден келгсі нағашысы:

—Қалай, жиенжан, қалада тұрганмен қазақша сөйлеуді білесің бе? —деді сынамақ оймен. Анау болса «иә, білемін» дегендей басын шүлгүйді.

—Кәне, хлеб дегеніміз не?

—Нан.

—Масло ше?

—Масло ма, маслоңыз май...

—Сахар ше?

—Сахарыңыз—песок...

Нағашысы мырс етіп күліп жіберді. Тілі шығаршықпаста балабақшада, одан қалды ойын алаңындағы күммен ойнап өскен бала сахарынды песок демегенде қайтпек? —деп ойлады ішпінен.

## **ҚУЫН-АЙ!..**

Кәуіктің пәтерінде телефонның жұмыс істемей тұрғанына бір аптағай болып қалған. Бұрынғыдай күні тұні шар-шар етіп мазалайтын телефонның үйі өшкеніне әсіресе, үйдегі кішкентайлары қуанышты сияқты. Бір-біріне жымында:

—**Тіпті үйшіктап** жатқанымызда әркімдер телефон соғып тишишымызды кетіруші еді, енді оңды болды, —дел қояды.

Күндердің күнінде Кәуік жөндеушіні шақырып, телефонды қайта ориатты. Әйтсе де әкесінің мұнысына ұлы Аскар ренжімесе, қуанған жок.

—Неге қабагың түсіп кеткен, әлде телефон сабак окуга саған да бөгесіндік ете ме? —деген әкесіне:

—Жок, бөгесіндік етпейді, тек үйге звондап, ойнап кеткенімді біліп қалатын болдындар. Онан да телефонның істемегені жақсы еді.

Баласының құлығына әкесі күліп жіберді.

## **САҒАН ЕМЕС, МАҒАН ШЫГАР**

Тәкеңнің бір әдеті қалжырай бастаса немесе ақаңа тойып алса оң жақ көзін әлсін-әлі жыптылықтатып қыса беретін.

Бірде көршісі Мәден немересінің пішпе тойына шакырып бұлар ұзақ отырысып қалады. Ет желініп, шай ішер алдында әйелдер жағы қалта бөлісіп жатқанда ерекк атаулы ауыз үйге шығып, қарт ойнауга кіріседі.

Әлден уақытта колы жүрмей, қарттан да

калжырай бастаған соң Мәден келіншегіне дауыстап:

—Әй, бар болса бір шөлмек арақ пен тіске басар  
әкел,—дейді.—Әйтпесе мыналар маужырай бастаған  
сынайлы.

Мұның сөзін екі етпей келіншегінің жұмсауымен  
балдызы келіп, шкафтан алған арағы мен тамағын  
ұсынады.

Ұп-уыздай, екі бетінен қаны тамған жас қызға  
Тәксен де сүзіле қарап қалады. Қас қылғандай көзі де  
кайта-қайта жыптылықтап кетеді.

Тамақ құрғатарды бұлар бір емес, бірнеше мәрте  
жалғастырады. Терде отырған Тәкеңнің қайта-қайта көз  
қысып, қайта-қайта сүзіле қарағанынан қымсынған  
Мәденнің балдызы әбден мезі болған соң ендігі ретте  
апасына:

—Тэтстай, ана жаққа сінді қайтып бармаймын,  
анау ағай қайта-қайта көзін қыса береді, —дейді төмен  
қарап. Сіңлісінің әлде нeden сезіктеніп, жоққа бола  
куыстанғанына ыза бол кеткен апасы:

—Әй, қаншық сол, е қаншық, әкендей адам саған  
көзін қысушы ма еді, мүмкін саған емес маған қыскан  
шыгар, —депті саспастан.

## **АУЫЛДІКІ ЕМЕС, ҚАЙЫН ЖҰРТТІКІ**

Өユ бетте-ақ нарық қыспағына алыш, әркім өз  
тірлігін езі жасай бастаған шақта жұмыссыз қалған,  
әйтеуір астарында жеңіл машиналары бар біздің елдің  
балалары да (жас жігіттер) әр жақтан малдың етін  
әкеліп, қаланың әр бұрышында, әр қалтарыс жерінде  
сатып жатқандарын байқаушы едім. Тағы бірде көшеде  
жас құнажынның етін қанжоса ғып, балтамен

бөлшектеп, әлем-жәлем саудалап жатқан олардың үстінен тұстім. Әлгілердің бұл қылығына ойнаған боп, әрі ойымдағы да сол:

—Әй, інішктер, мына қалыптарыңмен ауылдың бар малын түгесіп бітіресіңдер гой, бұларың не? — дегенімде ішіндегі Мұрат есімді құшыкештеу біреуі:

—Ага, аға, бұл ауылдан әкелінген мал емес, қайын жұрт жағынікі, — деп тауып кеткені бар.

## ҰШ АҒАШ ТА ЖЕТЕДІ

Сонау бір кеңшілік заманда қазіргі «Кекшетауымыз» аптасына 5 рет шығатын. Бірақ ТАСС-тікі бар, ҚазТАГ-тікі бар, оның үстіне әрісі Мәскеу, Алматыдан белгілікті қаламгерлердің өздеріне лейін повесть пе, роман ба, әйтеуір үзінділерінен бұрқыратып жіберіп жататын. Сондағысы, әйтеуір ол кезде шыққан материалға гонорар қойылады. Одан-бұдан қарып алып қалу. Оның үстіне редакторымыз да солар басқаратын газет-журналдарға өз жазғандарын жібереді. Сейтіп өзара «квит» болады ақырында. Ал мындағы жеті-сегіз бөлімде істейтіндердің бәрі— олар да «мен атайдын, сен тұрлар». Қысқасы не керек, секретариаттың папкасында запас дегенің, материал дегенің үйліп жататын. Тіпті штаттағы қызметкерлердің жазған мақалалары, тағы басқалары едәуір кешігіңкіреп барып, онда да планерка сайын айғайласып-үйғайласып әрең жарық көретін. Ол аз дегендей, сондай құндердің бірінде лауазымды қызметте жүрген «жазғыштардың» біреуі «менің берген материалым неге уақытысында шықпайды» деп мындағыларға қайта-қайта шағым жасамай ма? Сонда газеттің жауапты хатшысы Өкен,

кәдімгі мына Бұхарбаев:

—Әй, шырағым, анаусы бар, мынаусы бар, оның үстіне Егіндіағаштан Маман мен Жұмабай, Қарағаштан үш бірдей Данқой ол бар, (Төлеген, Жабал, үшпенізді айтады), Ортагаштан—Дәуренбек пен Ойрат, солардың жазғанын сыйғыза алмай жатқанда, сенікі не жорық, сол үш ағаштікі де жетіп берсір, —депті анаган.

## АЮДАЙ АҚЫРҒАН

Ыстық парына (бу) шабынып шыққаннан кейін моншаның атшаптырым болмаса да, дагарадай шешініп-киіністін залында жайбарақат отырғанбыз. Кенет ішке өз әріншестерім—Сәксен аға (Әубәкіров) мен облыстық «Арқа ажары» газетінің бұрынғы фототілшісі Советбек Магзұмов кіріп, бізді көрсө де көрмегенсіді ме, әйтеуір эй-шүй жоқ шкафқа киімдерін іліп, шешіне бастады. Осы кезде қасымда отырған Мырзагали ағай, Көшекбаев маған бажырая қарап:

—Әй, мыналардың көздерін шел басқан ба, неменс тіпті адам құсап амандасуды да білмейді. —Әлде моншада амандауга болмай ма?—деді ірнішті кейіпен.

—Түһ, ағасы-ай,—дедім сонда мен оның көңілін алдаусыратып,—ерте қундегідей, Арықбалықтағыдай райисполкомның председателі болсаңыз, немесе Чистопольдағыдай аупарткомның хатшысы болсаңыз, алдыңызға келіп, құрақ ұшып сәлем берер еді. Әлі күнге ірінің де аузын іреп, кішінің де балтырынан қағып жүрген аюдай ақырған маған сәлем бермей тұрганда қолыңызда еш билігіңіз жоқ зейнеткөр сізді қайтеді бұлар?—дегенімде Мырзагали аға:

—Сәлемдері өздеріне, өлтірдің інішек, өлтірдің, —

деп шек-сілесі қата күлгені бар.

## АЛЛЕРГИЯМ ҰСТАЙДЫ

Тәкең бір қағары бар, қуақылау жігіт болатын. Жұмысында да ынталы. Әйткенмен бойындағы бір кемшілігі ішімдікті тәуір көретін. Ал арақ жүрген жерде достарының да көп болатындығы белгілі ғой. Бірде жолдастарымен дәйінкіреп жіберіп, Тәкең төсегінен тұра алмай жатса керек. Әйелі көрнесін жұлмалап, қайта-қайта:

—Әй, таң атқалы қашан, жұмысыңа бармайсың ба? —дейді мазалап. Сонда анау бір көзін сығырайтып ашып:

—Қой дедім ғой саған. Тұндегілерді көрсем аллергиям ұстайды, —деп қайта аунап тусіпті.

## ІШПЕГЕНДЕ БЫЛАЙ АЙТАСЫҢ

Әйелдер мерекесі күні екен. Шағын топ тағы жинала қалыпты. Стол үсті тағамның түр-түріне сыңсып тұрғанмен, «аңы судан» дәнене көрінбейді. Содан отырған жұрт Тәкеңе:

—Сен «Жұлдызым» әнін жақсы айтады дейді ғой. Кәне, мына әпкес-қарындастарыңың мсрекесі құрметіне де бір шырқатып жіберші,—деседі қолқалап. Тәкең қынқ демейді.

—Мен ішкенде ғана айтушы едім. Ішпесем дауысым шықпайды,—дейді сылтауратып.

—Әй, ішкені несі? —дейді отырғандар болмай. Әрі бері қоймаған соң Тәкең әнді бастай жөнелді. Қайырмасына келгенде тіпті өнешін жырта шырқатады

дерсін. Сонда төр басында отырган Байскең деген:

—Әй, әй, мынауың тіпті керемет қой, ішпегенде  
былай айтады, ішсे қайтер еді? —депті басын шайқап.

## «БАСҚАРМАНЫҢ ӘЙЕЛІ БОСАНЫП»...

Жастау кезіміз еді. Онда біздің ауыл «Карл Маркс» атындағы колхоз деп аталатын. Колхоз болған соң, оның басқармасы да (қазіргі төраға) болады ғой. Осы арада айтайын дегенім, бірде Көкшетау қаласындағы қазақ педагогикалық училищесіндегі оқитын ағайым демалысқа келгенде өзімнен бірер жас кана үлкен апайыма:

—Өзгесі өзге-ау, басқарманың әйслі босанып, куанып жатырмыз деуін, басқа соз таппағандай,—деп ұрсып, кейіп отырганыңың үстіне түстім. Ал шешеміз болса:

—Қайтесің, әлі бала смес пе, хат жазбаса жазбады деп жазғырасындар, жазса тағы кінә тағасындар,—деп ара түсіп жатыр екен. Сейтсем, апайым хат жазады да, ауылдағы бар жаңалықты түгесіп болған соң таяуда ғана үл тапқан басқарманың әйелінің босанғандығын да сүйіншілеп хабарлайды ғой. Қазіргідей ірі совхоз орталығы емес, оның үстіне радио, теледидар жоқ шағын ғана ауылда әлгіден басқа не жаңалық болсын. Бар жазғаны сол екен. Содан «басқарманың әйелі босанып»... деген сөз тіркестері есіме түссе әлі күнге күлкім келеді де тұрады.

## **ҚЫСТЫГУНІ ТҮГІЛІ**

Ана бір жылдары саяжайлық жер алу, тышқақ лағын жоқ бола тұрып қарызданыш-қауғаланып астыңа жеңіл машина мінү «ауруға» айналды емес пе. Жүртқа еліктен біріміз «Жигули», екіншіміз «Москвич» сатып алғанбыз. Бірақ техникадан түк хабарымыз жоқ бізге машинаға от алдырып, сәл-пәл босаса бір гайкасын бұраудың өзі мұн еді.

Содан күндердің күнінде жұмыс арасында отырыш, әңгіме соктаймыз ба? Бәрін айтып-айтып таусып келіп, сидігі мезетте машина, шоферлық тақырыбына ауыстық. Өз басым қыстай гаражга бармаганымды, қар кетіп, күн жылдынған соң ғана есігін ашқанымды, әйтеуір аккумулятор жаңа болғасын ба, машинаның тез от алғанын сөз етіп мактанбаймын ба? Сонда қасымда тұрған замандасым Бекен:

—Біздің «Москвич» қыстыгуні түгілі жаздың қайнал тұрған ыстығында да эке десең от алмайды,—деп шек-сілемізді қатырғаны бар еді. Тегінде біздің универсальныи шоферлық тәжірибемізді осыдан-ақ біле бер.

## **МАҚТА МЕЙЛІ, МАҚТАМА МЕЙЛІ**

Шортан ауданындағы меншікті тілшіміз Сәменә зейнеткерлік жасына толып, соны шағын топпен атап өтпек болдық. Сол уақыттағы жерком торағасы Кенжекен:

—Ал жігіттер, жұмыс аяғында тараپ кетпендер, Сәменді құттықтайық, —деді. Сағат тілі алтыдан аса бере жинала қалдық. Бар-жогы жеті-сегіз адамбыз.

Байқаймын, Сәмен үлкен қара сумкасына салып, аздал піскен ет, бауырсақ, тіске басар тағы оны-мұнысының әкеліпті. Төрт-бес шыны арағы тағы бар екен. Содан кіші-гірім той басталды да кетті. Анау да, мынау да сөз сөйлеп жатыр. Шөлмектердің де екі-үшеуі босап қалды. Кезек Кенжекеңде жетті.

—Біздің Сәмен өңбек жолын республикалық аға газеттерден бастаған. Қарағандының, Ақмоланың облыстық газеттерінде де істеген. Талай награда, лауреат атағы да бар, —деп көсіліп, шешіліп келе жатқанда «той иссі»:

—Әй, әй, Кенжеке, сен мақта мейлі, мақтама мейлі, енді соңғы шыны ғана қалды, —демесі бар ма. Отырғандардан әлдекім мырс ете түсті. Кенжекең де сөзін дөғарып сап тиылды.

## «ӘКЕМ ӨЛІП, ОҢДЫ БОЛДЫ»

Бірде қалада тұратын Арап ағаймен жолыққанымызда:

—Анда-мында баруға қол қысқа, биылғы жылды репрессия уақытысында құғылу-сүргінді көргендерді еске алу жылы деп жатыр той. Зарап ағай, Зарап Темірбеков туралы тағы бір естелік жазып беріңізші, —деп қолқалағанымыз бар еді.

—Әй, койындаршы, —деген болатын ағамыз сонда кеңкілдеп күліп, баяғыда біреудің әкесі қайтып, содан көрші-көлемнің бәрі әлгіні есіркеп, мұсылмандық жолымен қонаққа шақырып, етке кенірдегінен келтірсе, ол байғұс үйіне келіп:

—Әкем өліп онды болды. —Ғұмыры жеп көрмеген жылы-жұмсақтың бәрін жеп, әбден қарным тойды, —деп

кергісе керек. Сол айтпақшы, туғанына 90 жыл толуы қарсанында Зарал ағайымның арқасында теледидарға да түстім, газет беттерінен де көріндім, радиодан да, тіпті жиналған алқа топ алдында да сөз сейледім. Текке әурелей бермендер, қартайғанда қақшандай берсек, көз тиіп кетер, биылдыққа осы да жетер, – деп еді.

## ЖАЗҒЫШ «ЖАЗУШЫ»

Қызығанғандық емес, қазір кітап «жазғыштар» көбейіп кетті ғой. Оған дауласатын және ештеңе жоқ, қалтаң қомақты болса, қаржы тапсаң любой баспадан жазғанынды шығарып ала аласың. Сондайлардың біреуі маган да жабысқан. «Ебің бар жігітсің, әлденеше кітабынды шығарып, тәжірибе де жинақтап үлгердің, қолынды қақпаймын, бүтінде тегін жатқан дүниес жоқ, көз ақың деп, қолақың деп, не ұрасаң да беремін, қартайған шағымда ұрпагыма мұра болсын, маған комектес», – деп әйдә кеп астыма көпшік қойсын.

Мақтағанды, майдалағанды кім жек көрсін. Оның үстіне мына заманда ақша жарықтық, артықтық еткен бе?! Құнделікті майда-шүйде тірлігің–ол басқа, айалға киім, балаға азық дегендейін, не керек әлгі ақсақалмен (кезінде ірі қызметтерде болған!) келісе кеттім. Айналасы уш-төрт айда оның шатпактарын іс қып шығардым. Қолжазбасы түзетуге келмеген соң, үстінен қарап, екі көзім төрт болып, жұмыстан кейін, обед арасы, демалыс уақытысы, әйтеуір қырық жылғы таптаурын темір машинкемен басып бердім. Обалы нешік, еңбегің деп қолыма американдық есепше жүз доллардан астам ақша ұстадты. Жазғаны жүрттың окуына жарайтынына ол мәз, аз-мұз қаражат тауыш,

қаншама тәулік, қаншама ай онсыз да жүқарып жүрген жүйкенің жүқартып, иығымнан ауыр бір жүктің түскеңінсем мәз.

Содан қайтыш сол «жазғышым» көрінбей кеткен. Сөйттес слде болдым, шеттес жүрген балаларға барып қайттым, тіпті Астанадағыларға да әдейілеп соқтым, шығарған кітабымың бір-бір данасын беріп, оғып-бұғып байғазысын алдым деп жуырда мұләйімсіп келіп отыр. «Ана кезде жастау уақытта газет-журналдарға жазған мақаласымақтарымды, оны-муны дүниелерімді қайта өндеп, қайта бастырып, кітап қылып шығармақ ниистім бар» деп қояды ара-арасында. Жазушылар одагының мүшелігіне өтпек оймен керек қағаздарымды да жинастырып журмін»... Оның жазғандарының қандайлық мағынасы, қандайлық сапасы барлығын жақсы білетін өз басым «шіркін жазғыш жазушым-ай!» деппін іштей оған бажырая қарап.

## МІНЕКИ МЕН КӘНЕКИ

Тарих пәнінен Кеңес деген мұғалім сабак беретін. Ол екі сөзінің бірінде: «мінеки» дсген терминді жиі қайталайтын. Бірақ мұнысын өзі сезе ме, сезбей ме, әйтеуір, аңғармаған кейіп танытатын.

Ксекті сабак үстінде ол тағы сол әуеніне басты.

--Мінеки, балалар... дей бергенінде, кенет қуакылау Айсин орнынан атып тұрып:

—Кәнеки, мұғалім! —демесі бар ма? Тосын сұрактан сасып қалған анау:

—Ә, мінеки!—деп тершіген маңдайын қол орамалмен сұртіп, орындығына сылқ етіп отыра кетті. Балалар болса ду күлкіге батты.

## **«БИЗ БИЛМАЙДЫ»**

Ауылымызда Шәкен ақсақалды білмейтін жан кемде-кем. Әсіресе, өз қатарластары сиреп қалса да, құрдастар жагы онымен қалжындасып, өткен-кеткенді еске түсіріп, қауқылдасып жататын.

—Бала кезіміз еді, —дейтін солардың біреуі, —ауыл сыртында ағаш ат мініп, ойнап жүргенбіз. Кенст анадайдан пәуескелі орыс мұжықтары қасымызға жетіп келді. Арамызда ересектеу Шәкенді қол бұлғап шақырып, бірдене деп шүлдірлеп жатыр. Әйтеүір көп сөздерінің ішінен қулагымызға жеткені: «Где Терновка дорога?» Сонда Шәкен саспастан: «Биз билмайды» деп ағаш атын шу-шуlep әрі қарай жүгіре жөнелді. Біз де оның сонынан ердік.

Енді артынан ойлап отырсақ, әлгі мұжықтарымыз саудагер-купецтер еken де, бізден мына іргедегі Шұбарайғырдың, Терновканың жолын сұрапты ғой. Ал ол кезде орысты көрмек түгілі орысша бір сөз білмейтін біз сияқтылар Шәкен сықылды «Биз билмайды» демегенде қайтеді?! Тіл білмегендік міне, сол...

## **«ӘУЕЛІ ӨЛИП АЛСАЙШЫ»**

Жасы жеткен әрі қатты науқастанып қол-аяғына ісік кіре бастаған Кәйкен бірде кешкісін бәйбішесінің құйып берген шэйін қалт-құлт етіп орнынан әрен қозгалып ішіп отырып:

—Жаман айтпай жақсы жоқ, әгәрки тұған-туыс, бала-шагамның алдында көз жұма қалсам, бәленшени олай жөнелтті, былай жөнелтті, былай етті деген қанқу

сөзге қалмандар. – Жылқыдағы байталға тимей, анау кәрі кер биені сойындар. Сол менің жылдыққа дейінгі бар дұғама жетеді, – дейді екі иығынан дем алыш. Сонда бәйбішесі бұған қарап:

– Эуелі өліп алсайшы, кейін не істеп, не қоятынымызды өзіміз білеміз, – деген екен.

## «МАШИНА ҚОЛҒА ТИГЕНШЕ»

Ана жылдары кеңестік дәуірде Ұлы Отан соғысының мүгедектерінс Женіс мерекесі қарсаңында қашама сый-сияппаттар жасалып, мадактаулар айтылып, тіпті женіл автокөліктегес дейін тегін беріліп жүрді ғой.

Сондай ауылдағы аксақ-тоқсақ скі-үш шал қатарынан екі реттен «Запорожец» машинасын мініп, бала-шағасы қатты қуанысып қалады. Бірақ темірдің аты темір, уақыты өткесін ол да ескіреді, оны-мұнысы сынып тозады. Оның үстіне жас болғасын әлгі аксақалдардың балалары автомашинаны күтіп міне білмейді, анау-мынау тетігі сына қалса ондау қолдарынан келмейді. Сөйтің жүргенде мұндағыларға аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінен «алдағы Ұлы Женіс мерекесіне байланысты тағы да женіл автокөліктер бөлінеді екен, соған соғысқа қатысқандығы, мүгедектігі немесе бір қол, бір аяқтан айрылғандығы жөнінде қажетті күжаттары әзірленсін» деген хабар жетеді. Қырсық қылғандай, тап осы уақытта әлгі аксақалдардың біреуі қатты сырқаттанып, әл үстінде жатады. Сонда оның көңілін сұрай келгендерге кенже баласы қынжыла қарап тұрып:

– Экей қатты ауырып жатқаны. – Бірақ жаратқан-нан жалбарынып тілейтініміз, қашан машина қолға

тигенші өлмей тұра тұрса екен, –депті.

## «ЛЕНИННІҢ ТОМЫНА ШЕЙІН»

Кешелер дүниеден өткен Сәкен ағай, Сәкен Хасенеев көзі тірісінде оңаша кездесе қалғанда маган қалжындал:

–Өзгөні білмеймін, осы Сайлau, сен бар гой, өзіме риза шығарсың. Неге дейсің ғой, Торғайға қызметкес ауысқан кезімде саған үш бөлмелік пәтерімді кілтімен қоса тастап кеттім бе, кеттім. Одан қалды редакциядағы бәлен жыл басқарған білдей бір-партия тұрмысы болімінің менгерушілігіне өзінді қалдырыым ба, қалдырыым. Нұркен женғен екеуміз бәлен жыл ұстаган темір кереуетті де өзіңе қиып таstadtым ба, таstadtым. Ең аяғы деймін-ау, партшколда басыма жастап оқыған Лениннің қырық томдығына шейін төрінде қалдырыш кеттім емес пе, –деп кеңк-кеңк күлетін.

Қазір ойлаймын, үй болса орнында тұр, партия дегенің құрыған, темір кереуетті балалар әлдекашан свалқага (қоқыс төтегін жер) лактырып тастаған, ал кезінде Құран сөзіндей жаттаған Лениннің көптомдықтары қайда екен өзі?!. Іздестірейінші.

## АТАҢА НӘЛЕТ, КОРРУПЦИЯ!..

–Кезінде лауазымды ірі қызметтерде істеген көкелеріміздің біразы зейнеткерлік жасына жеткендерімен әлі де жылы креслода шалқаяқтал баяғы

партия сарбаздарындай ойқастап-койқастап тойтаңдауларын қояр емес. Оларға эй дейтін әже, қой дейтін қожа тағы жок. Сонда бұл майшелиек қашанға дейін созылмақты? –деп еді анада көршім қадімгідей қынжылып.

–Оларды осы жылы креслоға орналастырғандардың өзі бұлардың тәлтірсектсі әрек жұмыс істеген кешегі күнгі шәкірттері емес пе, «Бояушы бояушының көзін бояйды» деген сол, қарагым десек:

–Әйтіп бояғаны құрысын. Опанды кейінгі оқығантоқығаны мол жастарға орындарын босатып, үйлерінде немерелерін бағып, жайғана тыныш отырмай ма өздері. Әйтпесс мынауың қазір бүкіл ел бол қүрес жүргізіп жатқан тұнып тұрған атаңа нәлст коррупция ғой, коррупция!.. –деп еді сонда анау беті тұтігіп.

## НЕ ДЕГЕН МЫЙ, НЕ ДЕГЕН БАС!..

Сұлекен марқұм, облыстық газет редакторының орынбасары, кейінрек жауапты хатшы бол істеген Сүлеймен Ақтаевты айтам, түпнұсқадан тіке, сөзбе сөз тәржімалауға, диктовай етуге асқан шебер еді. Газеттің со кездегі насиҳат және үтіп сияқты белді белімін қоса басқаратын ол ТАСС, АПН (телетайптан түсетін) орыс тіліндегі хабарларын, тіпті колемді-көлемді теориялық материалдарды сол қалпында, сол мазмұнда машинисткаларға еш бөгеусіз мұдірмей айтып шығатын.

Содан бума-бума бастырып алған, материалдарын қобдыратып қолына ұстал, коридорға шыға бере:

–Мұншама дүниені, мұншама мақаланы орысшадан айнытпай аударып шығу дегенің кияметтің

кияметі ғой. Соған жегіп тұрған мынау біздің бас не деген бас, не деген мый! –деп о тұста әліпті таяқ деп білмейтін жастау біздерге қарап екі езуі екі жаққа айырылардай боп, қарқ-қарқ күлетін.

Қазір кей уақытта компьютерде теретін қыз-келіншектерге нөмірге баратын материалдарды аптыл-гұлыл бастыртып жатқан әріптестерімді көрген сэтте тап өзімнін соларға: «не деген мый, не деген бас!» дегім келеді де тұрады.

## АДАМ АЗЫП, ЗАМАН ТОЗЫП...

«Көке, көке-ау, мен не көрmedі дейсің, тіпті күмбырсқаның илеуін де көрдім» демекші, осы жасқа дейін есімдері көпке белгілі талай қаламгер агаларыммен қызметтес болған екенмін. Солардың ішінде алғашқы редакторларымыз, марқұмдар Әміржан Оспановтың, Жанайдар Мусиннің, орынбасарлары боп істеген Сүлеймен Ақтаевтың, Әуез Өтсевтің, Хакімтай Әміровтың, Қайыркелді Оспановтың, одан қалды меншікті тілшілеріміз Ешім Ұбыраевтың, Қошан Оразалиннің, Қайыргелді Хайруллинің, Қайыркен Қонқақовтың, тағысын тағылардың бейнелері әлі күнге дейін есімде.

Ал бертінгі Рустем Бермаганбетовтың, Әбділда Құйссновтің, Октябрь Бұхарбаевтың, Баян Нұрпейісовтің, Елубай Жәкеновтың, Мәтен Бижановтың, Тайлак Жалмұрзеновтің, күні кешелер лұниеден өткен Нұркан Ұсқақовтың, Сәкен Хасенеевтің, Жомарт Оспановтың, Дулат Сапихановтың, Шиябиден Қойшыбаевтың, Ергали Ҷосбаевтың, тұстастарым: Кемел Жетпісовтың, Нұркен

Нарғожиннің, Бауыржан Бектасовтың, Мәули Әлімовтың, Ойрат Асанбаевтың әрқайсының орны біздер үшін тым бөлек.

Әйткенмен бәріміз де бақыр басты пендеміз гой, кей-кейде жасы алпысты алқымдап, алпыстан да асып, жетпісінді жағалап қалған кейбір әріптестерімнің ерсі қылықтарын естіп, жас дейтін жас емес, не кәрі емес әңкі-тәңкі күй кешіп жүргендерін көргенімде: «шіркін-ай, ерте күнгі агаларымыз қандай еді, солардың көбі елуінен аспай, алпысына жетпей дұниеден өтті-ау, ал мыналар не боп барады, әлде адам азып, заман тозып кеткен бе?» – деп іштей егіліп, ойланып қалатыным бар.

## ӨЗІМІЗДІ ДЕ ЕСКЕРЕЙІК

Бірде ақын-сазгер Тыныштық Шаменовпен кездесе қалғанымда:

–Осы, сендер, журналист ағайындар, корінгенді тұртпінектеп жәй жүрмейсіндер, –деді кәдімгідей түсі күренітіп.

–Е, не боп қапты?..

–Не боп қаптысы несі? Осы өңірде қызмет істеген әлдекім туралы жаза қалсаңдар болды, «ол марқұмның тұрған үйінің маңдайшасына мемориалдық тақта орнату керек немесе қаладағы көшелердің біріне атын берген дұрыс», дейсіндер де жатасың. Ертең бетін аулақ қылсын, ажал жетіп, өле қалсақ біздің атымызға да бір көше керек емес пе. Сол себепті көрінгенді ұсына бергенді қойсандаршы, өзімізді де ескерейік, –деп еді.

## **«ХАЛҚЫМ БІЛЕДІ»**

Щучье ауданы бойынша газетіміздің меншікті тілшісі, сонынан аудандық газет редакторы болып қызмет істеген Мәули Әлімов деген әріптесімізге кейде қалжындал:

—Бәлен жылдан бері көзмайынды тауысын, қағаз кеміріп келе жатсаң да еңбегінді ескерген ешкім жоқ. Інші біреулердей өзінді өзің атақта, не наградаға ұсынбайсың ба? —десек:

—Е, бүгінде кім кімге керек дайсін. Қолдаушың, корғаушың болмаса, қасындағы келіншегіңе, одан қалды бала-шағаңа дейін сыйламайды. Кімнің кім екендігін халқым біледі, тек еңбегімізді халқым бағаласын де, — деп әңгімені басқа ариға бұрып экететін.

Сол айтпақты, бәлен жыл осы газете қызмет істеп, денсаулығымыз дімкәстеніп, басымызға ақ, жүзімізге әжім түсे бастағандай кейіпте жүріп жатсақ та өзімізден көш кейін келген кейір құрбы-құрдастарымыздың атақты да, награданы да исленіп жатқандарын естігенімізде қызғанғанымыз емес, қызығатынымыз бар. Сондайда Мәули марқұмның «еңбегімізді халқым біледі» деген сөздері еріксіз есіме түседі.

## **БІРҚАҚПАЙЛАР**

### **ШАШ ШАҚ КЕЛЕ, МЕ?**

—Қабыргасы он-онбес жылдан бері қанқып тұрған қаладағы көпқабатты үйлердің құрылышы қайта

қолға алынғанда, бала-шагамыздың несібесі дең, қуанышымызда шек болмап еді, енді көніліміз тағы суи бастады.

—Неге?

—Неге дерің бар ма, ипотекалық несиемен қарызданып-қауғаланып саудалаған күннің өзінде әр шаршы метрі 300-350 АҚШ долларынан айналса, нендей шаш шақ келеді.

## АҚЫЛ

Жыл сайын қыруар ақша төлеп окуын оқығанмен қазір жұмысқа орналасуың қын.

— Оған нे себеп?

— Орналасайын десен әуелі бұл қызметте ең кемі бір-екі жыл жұмыс стажың болуы керек, заң атаулының бәрін миында тоқып, компьютерді білуің қажет дейді. Әгәрки өзің оқуды жаңа бітіріп, дипломың қолыңа енді гана тиіп жатса, жұмыс стажың қайдан болмақ?

—Онда стажды да сатып ал.

## БАСЫҢА ЖАСТАП

—Бұрынырақта «орыс тілін білмеген, мақұрым боп, далада қалады» деуші еді, енді келіп түрікше, ағылшынша тіл ұстартындар деп жатыр. —Не боп кетті бұл дүние?!

—Ағылшынша оқып — Лондонға, түрікше саут ашып —Стамбулға бармасаң, маган кел.—Ал қазақшанды, о дүниеге аттанғанда басыңа жастап жатарып анық.

## **ЖҰРТ КӨЗІНЕ**

—Кейінгі уақытта Көкшетауда ана жерде, мына жерде салынған коттедж-үйлер көбейіп кетті. —Тегінде «парық қыспағында қалдық» деп көз жастарын көл тылып жылағандарымен осындағы ағайындардың тұрмысы меніңше жаман емес-ау деймін.

—Иә, кешегі күнде халықты зар жылатып, қан қақсатып жекешелендіру мен оңтайландыру, былайғы тілмен жеткізгенде прихватизация мен оптимизация тұсында аннан-мыннан үрлап-қарлап алғандарын жұрт көзіне көрсетейін дегендері де.

## **АСЫЛЫП ӨЛСІН**

—Үкімет басындағыларды айтпағанда,  
Парламенттегілердің не ойлайтындығын түсінбей-ак  
көйдік. —Коммуналдық акы, бензин, азық-түлік  
тагамдары, ең аяғы газ бен электр жарығына дейін күн-  
күн санап баға өсіп барады. Сонда былайғы жұрт,  
қаралайым халық қайтып, қалай күнін көріп, өмір сүреді  
дейді екен?

—Асылып өлсін дегендері шығар.

## **ТАҢҒАЛАМЫН-ТАҢҒАЛАМАЫЗ**

—Кешелер кәммәнест болп, комсомол болп,  
лиуазымды қызмет істеп, дінге қарсы үағыз  
айтқандардың бүтінде мешіттерде имам немесе молла  
болып жүргендеріне таңғаламын.

—Сондай имам-моллалардың алдына барып, аруактарға деп аят оқытып, қайыр садақа беретін сендердің ісіне біз де таңғаламыз.

## ТАҢДАП АЛАСЫҢ

—Уа Әлеке, биылдыққа соғым таптың ба?

—Таптым.

—Қайдан?

—Ақшаң болса, базарға барып, мынаусын дегенін таңдаап аласың.

## КЕШЕГІ КҮНГІ

—Мына іргедегі «Хасеновский базарды» көтере сауда базары деуші еді, көтерс саудасын көргем жоқ, көкөніс бағасы да удай, басқасының да бағасы сондай, қалтаңды қағып көтерем ғып шыгаратын түрі бар...

—Әй, анқау інім-ай, ондағылар Оңтүстіктен жеткізілген қарбыз бен қауыныңды, жеміс-жидегіңің неше түрін қантап алып, бағасына баға қосып, қайта саудалап напақа тауып жатқан кешегі күнгі алыпсатарлар емес пе. Көтерем қылмай қайтпек енді?

## ТАППАЙ КӨР

—Қазір кітап жазғыштар көбейді. Тіпті күлесің бе, жылайсың ба, жасы жетіп, зейнетке шыққандар да том-том «мемуар» жазуга айналды. Сонда мұншалықты пұлды, соншалық ақшаны олар қайдан тауып жүр?

—Әкімдікке барып бір сұрасаң, зейнетакы орталығына барып зар жыласаң, тоқалыңың, не бәйбішеннің алдына барып он құласаң, таптай көр.

## ОНДА...

—Шілде айынан бюджеттік мекемелер кызметшілерінің жалақысы 30 процентке өседі деуі-ақ мүң скен, мұндағы азық-түлік тағамдарының бағасы да шарықтап шыға келді. Қазір 50 келілік қантың, 5 мың теңгеден де асып түсті. Сонда не істейміз?

—Онда сағыз шайнаң, шекілдеуік шағамыз.

## КОТТЕДЖ САЛУМЕН ӘЛЕК

—Ана жылдары Көкшетау облысы тарқап, қаладағы құрылышы аяқталмаған көпқабатты үйлердің біразы қаңырап, құлазыш қалып еді. Қазір ше?

—Қазір ме, сол қаңырап қалған үйлердің бетон қабыргаларын бұзып, мұндағы ағайындар бәсекеге түскендей, коттедж салумен әлек.

## ҚАЙДАН ТАБАДЫ?

—Былтыр ғана киыршиқ тас төсеп, тегістеп, асфальттаған жолдарды қайта қопарып, тас-талқан сткендеріне тацмын.

—Оған таңғалатын ештеңе жок, «қолы кимылдағанның аузы қимылдайды» дегенді ұмытпаған жон. Жұмыс істемесе, ақшаны қайдан табады?

## **ТАЗДЫҢ БАСЫНДАЙ**

—Қалада құрылышы аяқталмай, қашама жылдан бері қантарылып бос тұрған көпқабатты үйлер қайта бой көтеріп, «Дружба» кинотеатры жөндеуден өткізіліп, Мәлік ағамыздың мұражайы жаңартылып салынып жатқандығына қарағанда іс алға басайын дегені-ау тегінде.

—Оның нәтижесін қыстайғы жауған мол қардың еріп, осындағы подвал атаулы, «Шанхай» маңындағы үйлердің албары көлкіген шалшық суга толып, бұған дейінгі асфальтталған жолдар таздың басындағы ойдым-ойдым, шұқанак-шұқанақ болып жатқанда көреміз де.

## **ЖУЫНАТЫН БОЛДЫҚ**

—Анада орталық № 1 монша мазутты үнемдейміз деп, суды үнемдейміз деп аптасына төрт-ақ күн жұмыс істей бастағанда, жұртшылық наразылық білдіріп, бұрынғы жұмыс кестесіне қайра көшіп еді, бірақ содан былайғы халыққа тиғен пайда шамалы ма деймін.

—Неге?

—Неге дерің бар ма, енді осыған дейінгі 100 теңгеснің орнына 150 теңгегес жуынып-шайынатын болдық.

## **ҮПТЕП ӘКЕТЕДІ**

—Нарық заны солай. —Ауылдықтар жер альп, егін егіп, әйтпесе мал өсіріп күнін көрсін дейді

жогарыдағылар. – Ал қалалықтар жазда саяжаймен әлек.

– Элегі күрысын, қашшама еңбектеніп, қашшама уақытынды кетіріп өсірген жеміс-жидегінді, картобыңа шеіншін күздс басқалар үтпеп әкетеді.

## КИТАП ОҚЫ

– Қаржы үнемдеу саясатымен, қаржы жетіспейді деген желеумен мындағылар облыстық радиопы жауып тапты еді, енді келін жалпы жұрттың тыңдал, естітін жөлі атаулыны киып, құрттып, мұлдем **сақау-мылқау** көпшірганы жаңга батады. – Кәрі-құртқаң шал-кеміндерге қайта-қайта **шағымдана** бастаган соң «Телекомдагылар» Қытайдан шығатын транзисторларды арзан бағага сатып әперіп, таратыпты-мыс дегенді де есептік. Сонда айлығын шай-қатығына **жеткізе алмай** отырган өзге ағайын не іstemек.

– Теледиңдардан күні-түні корсетіп **жататын** штетелдік «боевик» пен «сексті» тамашала. Әйтпесе күрши кеткенде акы сұрамайды ғой әйтеуір, **кітап оқы**.

## КЕФИР ИШПЕ

– Көкшетаудың сүт зауытынан шығатын опімдерді алып ішнейін десси, кефир-қатығы сүйкілтүм, арынша-ақ ішің өтеді, **сүті**—сылдыраған сылдыр су, шайыңды құстырып жібереді, ал мына көршілес Нетронавлдан экелініп **сатылатын «Бифидогың»** – опифидок-ақ, майлышы да жақсы, бірақ бағасы қымбат, мишила алуға қалтан көтере бермейді.

– Көтермесе, кефир ішпе.

## **НЕ ҚАЛДЫ?**

– Газ қымбаттады, қант қымбаттады, үн қымбаттады, қымбаттамаған не қалды?

– Соны да білмегенің бе, жалакымыз бәз баяғы со күйінде қалды.

## **ДЕЙТІН ШЫГАР**

–Көктемгі егіске кірісерде, күзгі терім кезі–астық жинау басталарда жанармайдың: бензин мен солярканың бағасының шарыктал шыға келетіні несі?

–Елдің бәрі егін себетін дейтін шыгар.

## **АЙЫРМАШЫЛЫҚ**

–Дана адам мен шала адамның айырмашылығы қандай?

–Жер мен көктей.

–Жоқ, олай емес.

–Дана адам даналығын білдіреді, шала адам шалалығын білдіреді.

–Олай да емес.

–Дана адам мына сен, ал шала адам – мен, енді дұрыс па?

–Міне, міне, дәл таптың, дұрысы осы.

## **ПӘЛЕ САЛДЫ**

–Көкшетауда телестудия ашылып жақсы-ақ болды, таныс-жеккеттің бәрін көре бастадық.

–Өйтіп көргені құрысын, өңкіген өзге еркектен

кем бе едің, сені неге көрсетпейді, – деп кепе айалым иәле салды емес пе.

## НЕЛІКТЕН ?

–Ауылда тұрып, қора-қора мал ұстап, қалага келіп, май мен шай сұрайтындықтары иеліктен?

–Мұндағылар балконда сиыр ұстап, сиыр сауып, саяжайда шай осіреді деп ойлайтын болар.

## О ДҮНИЕДЕ...

–Киер киіміңс, ішер тамағыңа шейін бәрі удаій қымбаттап кетті, енді қайтыш құн коріп, енді қайтыш омір сүрмекпіз?

–Бұ дүниесің рахат-қызығын көрмеген о дүниеде жаны жұмақта болады дегенді ұмытпа, шырағым.

## НЕСІНЕ ЖЕТИСЕМІЗ?

–Демократия мен жариялыштың жақсылығы смей немене, тәуелсіздікке қолымыз жетіп, дербес мемлекет, дербес ел атандық.

–Өйткен жақсылығыңа болайын, дүниенің төрт бұрышында қантөгіс, қыргықабак соғыс жүріп жатса, иссіне жетісеміз?

## ҚАУЖАНДАСЫП ОТЫРМЫЗ

–Санаторийге кетерде, туыстардың бірі: «Сәке, саспаңыз, артыңыздан баармыз, қаужандасып

қалармыз», – деп еді.

– Енді қайтті?

– Санаторийден келгесін біздікінде шай-суан мен сорпа ішіл, қаужаңдастып отырмыз.

## М А З М Ү Н Ы

|  |      |
|--|------|
| Қолың еді қой бағу                           | – 3  |
| «Аналар күнін көрер-ая,<br>басқасы қайтпек?» | – 3  |
| Былқылдатып, сылқылдатып                     | – 4  |
| «Көзілдірігім қалып қойылты»                 | – 4  |
| Қайран, шіркін, қалпақ!..                    | – 5  |
| Ұмытшақтық-ай...                             | – 6  |
| «Өйбу, қойып қойылпын гой!»...               | – 7  |
| Тақырып қоюдың әлегі                         | – 8  |
| «Таудың бұлағынан»                           | – 9  |
| Ұтылды жауап                                 | – 9  |
| «Взятканың» түрі                             | – 10 |
| Күпінудің съры                               | – 11 |
| «Кончай, Бәленшексеев»                       | – 12 |
| «Қылдай боліп іштік»                         | – 13 |
| «Пять и десять» жетеді                       | – 14 |
| Жалғыздықтан сақтасын                        | – 14 |
| Қолымда болмаса да...                        | – 16 |
| Әнші ме еді?..                               | – 17 |
| Шімірікпеуін шіркіннің                       | – 17 |
| Саспады                                      | – 18 |
| Соня... Сақыпжамал                           | – 18 |
| Бос сез                                      | – 18 |
| Тапқырлық                                    | – 19 |
| Сахарың-қант                                 | – 20 |
| Күн-ай!..                                    | – 21 |
| Саған емес, маған шыгар                      | – 21 |
| Ауылдікі емес, қайын жүрттікі                | – 22 |
| Үш ағаш та жетеді                            | – 23 |
| Аюдай ақырган                                | – 24 |

|                                |       |
|--------------------------------|-------|
| Аллергиям ұстайды              | – 25  |
| Ішпегенде былай айтасың        | – 25  |
| «Басқарманың әйелі босанып»... | – 26  |
| Қыстығұні түтілі               | – 27  |
| Мақта мейлі, мақтама мейлі     | – 27  |
| «Әкем өліп, онды болды»        | – 28  |
| Жазғыш «жазушы»                | – 29  |
| Мінеки мен кәнеки              | – 30  |
| «Биз билмаймыз»                | – 31  |
| «Әуслі өліп алсайшы»           | – 31  |
| «Машина қолға тигенше»         | – 32  |
| «Лениннің томына шейін»        | -- 33 |
| Атаңа нәлесі, коррупция        | -- 33 |
| Не деген мый, не деген бас     | -- 34 |
| Адам азып, заман тозып         | -- 35 |
| Өзімізді де ескерейік          | -- 36 |
| Халқым біледі                  | -- 37 |
| Бірқақпайлар...                | -- 37 |

**Сайлау Көшкенұлы**  
**Деген екен**

Редактор : С.Көшкенұлы.

Тех.редактор: F.Сэттібай.

Бет қаптауышы: О.А.Блохина.

Таралымы: 500 дана.

Incom service баспаханасында басылған.